

**Шетпе лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қамқоршылық кеңес мәжілісінің  
ХАТТАМАСЫ № 4  
«10» сәуір 2025 ж.**

**Жиналыс төрағасы:** - қамқоршылық кеңес төрағасы - А.Е.Тулемисов

**Қатысқандар:**

3. Қамқоршылық кеңес мүшесі Д.Сисенгалиева
4. Педагог кәсіптік бағдар маманы Г.Булекбаева
5. Қамқоршылық кеңес мүшесі И.Бекенаева
6. Педагог – психолог Г. Айтова
7. Қамқоршылық кеңес хатшысы А.Кубенова

**1. Мамандық таңдау бойынша ақпарат беру**

«Шетпе лицейі» КММ педагог-психологы Г. Айтова және кәсіптік бағдар маманы Г. Булекбаева мектеп бітіруші тұлектерге болашақ мамандықтар жайлы ақпарат ұсыну.

**2. Оқушылар тасымалы және «Мектепке жол» акциясы туралы**

Оқушыларды мектепке тасымалдау жұмыстарының жай-күйі және аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға көмек көрсетуге бағытталған «Мектепке жол» республикалық акциясының жүзеге асуы туралы мәлімет беру.

**3. Мектеп аумағын абаттандыру және көгалданылу**

Мектеп ауласын көркейту, абаттандыру және көгалданылу жұмыстары бойынша атқарылып жатқан іс-шараларды талқылау.

**Сөз алғандар:**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Кеңес төрағасы А. Тулемисов сөз алғы қамқоршылық кеңес мүшелеріне және мектеп мамандарына кезекті жиналысты ашық деп жарияладап қаралатын мәселелермен таныстырып, кезекті сөз берді.

**1. Мамандық таңдау бойынша ақпарат беру**

«Шетпе лицейі» КММ педагог-психологы Г. Айтова және кәсіптік бағдар маманы Г. Булекбаева мектеп бітіруші тұлектерге болашақ мамандықтар жайлы ақпарат ұсыну. Кездесу барысында оқушыларға қазіргі ендек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтар, жоғарғы және арнаулы орта оқу орындарының мүмкіндіктері, мамандықты дұрыс таңдаудың маңызы туралы кеңінен түсінірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, оқушылардың жеке қабілеттері мен қызығушылықтарын ескере отырып, болашақ кәсіби жолын жоспарлау бойынша психологиялық қолдау көрсетілді. Аталған шара тұлектерге өз болашағын саналы турде жоспарлауға бағыт-бағдар беріп, мамандық таңдауда көмектесуді мақсат етті.

**2. Оқушылар тасымалы және «Мектепке жол» акциясы туралы**

Оқушыларды мектепке тасымалдау жұмыстарының жай-күйі және аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға көмек көрсетуге бағытталған «Мектепке жол» республикалық акциясының жүзеге асуы туралы мәлімет беру.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша келесі сөз алған мектептің әлеуметтік педагогі А.Ж Кубенова қамқоршылық кеңестің жылдық жұмысы бойынша сәуір айында оқу жылы барысында шалғайда орналасқан елді мекендерден келетін оқушыларды мектепке қауіпсіз және уақытылы жеткізу мақсатында оқушыларды тасымалдау жұмыстары тұрақты турде ұйымдастырылып отыр. Тасымалдау арнайы белгіленген көлік құралдарымен жүзеге асырылады және бұл үдеріс мектеп әкімшілігінің бақылауында.

Сонымен қатар, 2024-2025 оқу жылына орай дәстүрлі турде өткізіліп келе жатқан «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы аясында әлеуметтік тұрмысы төмен, аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға көмек көрсетілді. Акция шенберінде оқушыларға мектеп формасы, кеңсе тауарлары және оқу құрал-жабдықтары таратылды.

Бұл шаралардың басты мақсаты – білім алуда тең мүмкіндік жасау, окушылардың сабакқа толыққанды қатысуын қамтамасыз ету және олардың әлеуметтік жағдайына қолдау көрсету.

### 3.Мектеп аумағын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары

Мектеп аulasын көркейту, абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары оку ордасының санитарлық-гигиеналық жағдайын жақсарту үшін және эстетикалық келбетін арттыру мақсатында жүргізілп жатыр.Атқарылып жатқан жұмыстардың аясында мектеп аulasындағы ағаштар мен гүлзарларға күтім жасалып, жаңа сәндік өсімдіктер отырғызылады.Қамқоршылық кеңес мүшелері мектеп алаңына терек ағашын отырғызды.Окушылар мен ата-аналар, сондай-ақ педагогикалық ұжым бұл жұмыстарға белсene атсалысып, бірлескен сенбіліктер ұйымдастырылды. Бұл шаралар окушыларға табиғатты аялауга, еңбексүйгіштікке және ұжымдық жауапкершілікке тәрбиелеуде үлкен маңызга ие.

#### Комиссия шешімі:

- Педагог-психолог Г. Айтова және кәсіптік бағдар маманы Г. Булекбаева тарапынан жүргізілген кәсіби бағдар беру жұмыстары жалғасатын болсын.
- 11-сынып окушыларына арналған қосымша жеке кеңестер ұйымдастырылсын.
- Жоғарғы оку орындары мен колledgeдердің өкілдерін шақыра отырып, кәсіби бағыттағы кездесу өткізу жоспарлансын.
- Окушыларды тасымалдау жұмыстарының қауіпсіздігін қадағалау тұрақты бақылауда үсталсын.
- 2025-2026 оку жылына дейін тасымалдау қызметтерін жаңарту бойынша ұсыныстар дайындалсын.
- «Мектепке жол» акциясы аясында әлеуметтік жағдайы төмен окушыларға көмек көрсету жұмыстары жалғастырылсын және демеушілер тарту бойынша қосымша жұмыс жүргізілсін.
- Аулаға отырғызылған жасыл желеңтерге тұрақты күтім жасау ұйымдастырылсын.

Осы хаттамалық шешім мектеп әкімшілігіне ұсынылды

Кеңес төрағасы:  А.Е. Тулемисов  
Кеңес хатшысы:  А.Ж. Кубанова